



## 2011 жылғы Зеленов ауданы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 356 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 19 тамызда № 7-7-132 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы N 9 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2012.01.27 қаңтардағы N 9 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 " Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысы және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 99 "2011 жылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен субсидиялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3064) қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2011 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімі 2011 жылдың 6 мамырдан 10 маусымына дейін айқындалсын.

2. 2011 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. М. Ибрагимовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 15 мамырынан бастап туындаған құқық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі*

*Ғ. Қапақов*

А у д а н

ә к і м д і г і н ің

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 5

ш і л д е д е г і

№

3 5 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2011 жылға субсидияланатын басым  
ауыл шаруашылығы дақылдарын  
оңтайлы себу мерзімдері**

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Оңтайлы себу мерзімдері
Жаздық бидай	15 мамырдан 10 маусым бойынша
Тары	15 маусымға дейін
Арпа	15 мамырдан 10 маусым бойынша
Сұлы	15 мамырдан 10 маусым бойынша
Майлы дақылдар	15 мамырдан 10 маусым бойынша
Картоп	15 маусымға дейін
Көкөніс және бақша өнімдері	15 маусымға дейін
Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда)	15 мамырдан 10 маусым бойынша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК